




11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ ТАРИХЫ, 1-БӨЛІМ

Шығыс-Азиялық рухани музыка





Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Шығыс-Азиялық рухани музыка

Дәрістің мақсаты: Үндістердің музыка тарихын зерттеу және солтүстік американдық үндістердің музыкалық мәдениетінің кейбір мәселелерін қарастыру.

Үнділік ән мен би дәстүрінің тарихын тұжырымдауда соңғы онжылдықта ғалымдар адамдардың өткенді еске алуының әртүрлі тәсілдерінің қалыптасуын талқылауға ниет білдірген. Осы орайда Еуроамерикандық стереотиптің шынайылығы ол Американың байырғы халқы ең көне болып саналуында жатыр. Зерттеуші Триггер Америкада еуропалық сұлбаның өнерде және басқа да салаларда таралуы американдық тәртіптің шектеуге әкелгендігін жазды. Сондай-ақ, ол ағылшындардың Америкаға келуін «бұрынғы тарих» ретінде сипаттап, еуропалықтар келмейінше «нақты оқиға» басталмаған секілді етіп көрсету орын алғандығына назар аударады. Үндістердің байырғы тарихшылары кейінірек, тарихи есепке алудың қарама-қарсы жүйелерінің қалай болғанын дәлелдеуге әрекет жасағанын Дебора Докстатор ашық жазды. Қазіргі кезде шынайы тарихты мойындау байырғы халыққа бағытталған теория мен әдістеменің бөлінбейтін бөлігін сақтау маңыздылығы тұр. Бұл сала ХХІ ғасырдың басында байырғы халықтың арасынан өсіп шыққан ғалымдармен, байырғы Америка халықтарының бұрынғы тарихи жазбаларда елеусіз қалған жарналарын анықтап, ол арқылы деколонизация үрдістерін жандандыру маңызы тұр.

Зерттеушілер оқиғалардың сипаттамасы даму және перспектива үшін керемет үлгі екенін атап өтті. Мысалы, 2004 жылы басылып шыққан Филипп Делориидің «күту» және «ауытқулар» теориясында Солтүстік және Оңтүстік Америкадағы байырғы халықтар мен отаршылардың арасындағы отаршылдық қатынастарды шынайы сипаттау фольклористердің кеңінен шұғылданған бағыты болуы керектігін басып айтты. Алайда басқа зерттеушілер тарих жолдарының теңгерімсіздігін мойындады.

Антрополог Питер Набоков байырғы американдықтар дәуірінің тұжырымдамасы туралы үлкен жұмыс атқарды. Ол мәдени «тарих жолын» навахо тайпасының тарихымен салыстырудан бастайды: «Навахо тайпаларымен еуроамерикандықтардың болашағы жайында ақпаратты жеткізу жолдары күн мен түн сияқты бөлінеді», деп жазған еді. Алайда, оның халық ертегілері, қазіргі заман оқиғаларына сипаттама, сенімдер мен рәсімдер сияқты шығармашылық мәселелер жайына назар аударуы, байырғы американдықтардың тарих парақтарындағы орнын, олардың материалдық нысандарының ел тарихын жеткізушісі ретінде қарастырылуы құндылығымен ерекшеленеді. Набоков тарих қатпарларында шоғырланған маңызды сұрақтар қоя білген. Мысалы, «Үндіс тарихы мен мәдениеті қалай қайта өмірге келу керек?». Докстатор, тарих қалай дамуы мүмкін және әртүрлі мәдени аяда тарихи фактілерді тексеру үшін не істеу қажеттігін қарастырады.

Дегенмен, жергілікті американдықтар мен байырғы Канаданың музыкасымен айналысатын кейбір фольклористер мен басқа да ғалымдар осы уақытқа дейін Набоков қалыптастырған қол жетімді тарихи фактілерімен жұмыс істегендіктен, бұл ұғымдардың жасырын іздері барын айтады. Бұл тарауда алғашқы ұлттардың инуит және метистердің музыка тарихы байырғы қауымдастықтар тарихының жекелеген жолдарын тану арқылы жүзеге асқандығын, үндіс мәдениеті мен биін зерттеу әдістерінің қайта қарастырылуы мәселесін қозғайды.

Сонымен Америка елінің тарихы қай ұлттың, КІМНІҢ ТАРИХЫ деген сауал мазаламай қоймасы анық?

Еуропаның негізгі тарихындай, байырғы Америка туралы жазбаша дереккөздерде соғыспен байланысты саяси оқиғалардың сипаттамасынан, сондай-ақ, қолбасшылар мен жауынгерлер туралы әңгімелерден табуға болады. Мысалы тарихта Мемберту және Вовока сияқты көшбасшылар ән мәдениетіне зор үлес қосты. Бірақ, дәстүрді таратушылардың есімдерінің көбісі ресми тарихтың сыртында сақталған. Осы ретте дәстүрлі әңгімелеушілердің өмірбаяндарын ауызша тарихнама арқылы жеткен маңызды дерек екендігін сезіну ләзім. 1988 жылы басылып шыққан Вандердің жұмысы Шошоне тайпасының бес әңгімелеушісіне арналған. Бұл жүз жылдық тарихтың маңызды мысалы әртүрлі ұрпақтың адамдары мен тайпаларында қадағаланады. Осы орайда дәстүрлі және қазіргі заманғы музыканттардың жеке өмір тарихы мен аңыздарын баяндау тәсілінің күрделі амалдарын табу өзекті. Антрополог Джулия Круикшанк «Өмір, тарих сияқты» және оның бұрынғы ұстазы Робин Ридингтонның «Аспан соқпағы» кітабында аңыздар әңгімемен және әнмен қалай өзара байланысатынын түсіндіріп қарастырады. Әдетте үндістердің тарихы – ол ауызша баяндалған әңгіме түріндегі нұсқа болғандықтан, нақты бір адамнан біліп айтқаны, деген ойға сүйенеді. Франциска фон Розен 2009 жылы Пассамакодди тайпасының әншісімен сұхбатта, әнші жиі өзінің өткен өміріне сипаттамаларын, сол өткеннің нақты нұсқасына сілтеме жасап бастайдығын байқады. Мысалы: «мұны менің құрбым айтты», «Мен үйге кіргенде, бұл әнді маған рух айтқан»- деген



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Шығыс-Азиялық рухани музыка

заманауи адамға құбыжық көрінетін түсініктемелері американдықтар үшін қалыпты жағдай.

Жақында шыққан музыкалық зерттеулерде отаршылармен байырғы американдықтардың арасындағы қарым-қатынас аса күрделі болғанын жеткізеді. Христиан шіркеулері мектеп-интернатты басқаруда қасақана геноцидті және жиі физикалық, психологиялық және жыныстық сипаттағы зорлық-зомбылықта сыбайластар болғанын жоққа шығармайды. Дегенмен, кейінгі зерттеулерде бұл ара-қатынастарды миссионерлер бақылады деген бұрынғы болжамды айтқан. Энн Моррисон Спинни 2005 жылы Пенобскот тарихындағы миссионерлер, шамандар және саясат саласындағы қарым-қатынасты мұқият қарастырды. Ол аборигендер одақ құрды, немесе керісінше, саяси мақсатқа жету үшін христиан әулиелерімен антагонистік қарым-қатынасты қолдады. Бұл үрдісте христиан әнұрандары да өзінің рөлін ойнады. Люк Ласситердің Кайова тайпасының әнұраны “өзара алмасуға және тәжірибеге көбірек зиян келтірді”, деп жазады. Осыны Чад Хэмилл де мақұлдайды.

Қолжазбалар және құжаттармен жұмыс жасайтындар тарихты отаршылардың жазбаларымен салыстыруға және тарих ретінде ертеректегі оқиғаларды сипаттауға бейім. Үндістердің мифтік аңыздарының кейіпкерлері алыптар мен рухтар, құстар мен жан-жануарлар тарих өкілдері болып табылады. Бірақ, адамзаттан асып түсетін өкілеттілік бізден үндіс тарихының мақсаты мен басымдықтарын бағалауымызды талап етеді. Дәстүрлі нанымдарды қалпына келтіру нақты хронологияға қарағанда ежелгі американдықтардың музыкасының тарихы үшін аса маңызды.

Көп жағыдайда адамдар әннің шығарушысы емес, орындаушысы ғана болып келеді. Қай тайпа ән шығару үшін түсті белгілерін шабыттандыру үшін пайдаланады? Бұл әсіресе, әндер саналы түрде түсінде немесе ауыз бекіту жасамаған қоғамдарға қатысты. Солтүстік Квебектегі Инна Лабрадор, мысалы, көптеген ежелгі халықтарда барлық дәстүрлі әндер (никумандар) түстерден шыққан деп санайды. Кейбір қауымдастықтарда белгілі бір жерде аң аулау немесе барабан жасау арманның шабыты болды. Әрине, түстер туралы түсініктері хронологиялық негізге сәйкес келмейді.

Қоршаған орта байырғы американдықтардың дәстүрлі әңгімесінің тарихында тамаша көрініс. Бүгінде адамзат тарихында драматикалық экологиялық оқиғаға қатысты байырғы халықтардың әңгімесінен ізденетін ғалымдар аз емес. Антрополог Джулия Круикшанк өзінің «Мұздықтар тыңдайды ма?», «Жергілікті білім», «Отаршылдық кездесулер», «Әлеуметтік қиял» кітаптары қоршаған ортада тарихтың қолданатын саласын кеңейтіп қана қоймай, Юконда қоршаған ортаның өзгерісінің әртүрлі тарихи әңгімелерін қарастырады. Бейнелеу мәдениетін зерттейтіндер адамзат қоғамы және табиғат арасындағы қарым-қатынаста соңғысының рөлі маңызды болып табылады. Бір жағдайда Джулия Круикшанк алғашқы 12 ұлттың саяхатшылары байқаусызда сынып немесе түсіп кететін қорқынышты мұздықтарды игере отырып, өздерінің саяхаттарын әнмен сүйемелдегенін, сондай-ақ, белгілі бір шарттарда үндемеу немесе майлы зат қолданбау, мұздыққа жақын жерде ауыз бекіту сияқты рухани тәжірибелерді сипаттайды. Бұл жайлы Джулия Круикшанк былай деп жазады: «Жаяу жүргінші» және «Билер» сияқты Коппер-Ривердегі адамдар жағалауға көшкен уақытта шығарған әндер клан тарихында маңызды рөл атқарады. Үндіс Каадастин 1909 жылы Свантонмен ата-бабалары осы саяхаттағы тұманда жоғалып кеткен жолдастарын еске алу үшін айтқан жоқтау әндері жайында сөйлесті. Қырық жыл өткен соң, 1949 жылы Сара Уильямс Фредерика де Лагунаға осы әндерді орындап берді, және ол бұл жоқтауды кланның мүшелерінің Мұз айдынын тапқан уақытта жазылған көңілді әндеріне қарама-қарсы қойды: «Олар сол тауда биледі. Олар сол жаққа бара жатқанда бақытты болды».

Круикшанк бұндай әндерді тарихи негіз ретінде қарастырады, бірақ, олар тек оқиғаны емес сонымен қатар эмоционалдық көріністерді көрсететінін мойындайды. Драмалық және өзгермелі ландшафттармен қарым-қатынас жасай отырып, бұрынғы уақытта айтатын аңыздар мен мифтерге ұқсамайтын бұл әндер ойын әндері болып табылады. Олар Джулия Круикшанктың мысалындағыдай оқиғаларды немесе орындарды белгілей отырып, мүлдем басқа тарихи қатпарды құрастырады немесе оларға еліктеудің көмегімен осы оқиғалар мен орындарды қайта жасайды.

Сонымен Тарих пішініндегі Жолдары? Шеңберлері? Топтамалары? Қандай болды?

Киелі нәрсе туралы баяндайтын естеліктерде, ежелгі американдықтардың тарихи әңгімелері өткеннің, осы шақтың және болашақтың арасындағы дәнекерлікті бұзады. Бенджамин Ли Уорф 1930 жылы «Хопи тайпасының грамматикалық пішіні, «өткен, осы және болашақтың» уақытына жатқызылатын конструкциялар мен өрнектері жоқ» деп жазғанда уақыттың күрделі сызбасын түсінуге тырысқан. Бұл



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім

Дәріс: Шығыс-Азиялық рухани музыка

жағыдай еуроамерикандық ғалымдарды тарихи ескертулердің өзіндік формасы туралы ойлануға мәжбүр етті. Үндіс әңгімешілерінің көзқарасымен өткенді түсіну бізден әртүрлі тәсілдерге назар аударуды талап етеді, ұмытылмас адамдар мен жақында болған оқиғаларды қамту үшін, түрлі үндіс халықтарының уақытша кезеңдері мен тарихи ескертулері бар бұрынғы дәуірдің туындыларының уақыты одан бұрынғыға дейін созылуы мүмкін.

Виктория Линдсей Левин үндіс тайпаларының тарихындағы циклдік және сызықтық өзара байланысты нақты анықтайды. Ол: «Көптеген үндістердің уақытты сызықтық хронология емес, циклдік қайталау деп қабылдайтынын көрсететін, үндістердің тарихқа және өзгерістерге қарым-қатынасы әр тайпаның қасиетті әңгімелерінде және ауызша дәстүріне енгізілген. Осылайша, уақыт радикалды өзгеріске емес, қабылдау, бейімдеу және біріктіруді қамтиды. Бұл тұжырымдамалар музыкалық тарихтың құрылуы мен музыкалық өзгерістердің қалыптасуына үндістер әзірлеген әдістерде маңызды. Байырғы американдықтардың музыкалық үдерістерінің өзгеруіне басқа халықтар орындайтын музыканы қабылдау немесе бейімдеу кіреді. Жойыла бастаған әндер мен ертегілердің жандануы, бейімделуі мен жаңаруы бір уақытта әрі циклдік, әрі сызықтық уақытты қалайды».

Қайта жаңғыру көбінесе нақты тарихи оқиғаға немесе қоғамдық қажеттілікке белгілі бір реакция ретінде пайда болады. Отаршылдықтан әлсіреген және агрессивті миссионерлік бұрынғы өмір салтын бұзған, халықтардың заманауи ерекшелігі араласқан және қайта құрылған элементтерді енгізетін жаңа музыкалық дәстүрлерді құруда инклюзивті болды. Мысалы, атлантикалық Канаданың паувау сияқты тайпасының аралық дәстүрлері өздерінің символикасына қосудың арқасында коджуа сияқты жергілікті әлеуметтік билерді қосады. Оларды алыс-жақын, байырғы және жергілікті көрші қоғамдастықтан үйренеді.

1940 және 1960 жылдардың аяғында АҚШ және Канада байырғы американдықтардың рәсімі мен биіне тыйым салынған, 1880 жылдан бастап қабылданған бірқатар кемсітушілік заңдарды жойды.

Тулканың зерттеулері жаңару мен қайта құрудың маңызды кезеңі болған микмак және паувау дәстүрлеріне тайпааралық мәдени қарым-қатынастың екпінінің өсіп келе жатқанын растайды. Паувауды зерттеуші Клайд Эллис 2003 жылы сыртқы және ішкі күштерге бейімделудің стратегиясы ретінде оңтүстік паувауды қарастырады. Оңтүстік жазықта паувау дәстүріне қарағанда мәдениет пен қоғамдастықтың өзін-өзі сәйкестендіру үшін неғұрлым орынды болып көрінеді. Дегенмен рас, паувау әлеуметтік еске түсіру мен іс-әрекеттің күрделі түсіндіруін бейнелейді, сондай-ақ, мұндай пікірлерге қарамастан, паувау бұрынғыша қалыптасу қабілеті мен өзіндік ерекшелігінің арқасында өзгеше.

Басқа аймақтарда басшылармен ақсақалдар өткен шақ, осы және болашақтың арасындағы байланысты жеңілдететін өздерінің әлеуметтік рөлін атқарды. Антрополог Робин Ридингтон өзінің мансаптық жолында өмір бойы істеген Британ Колумбиясының кейбір мәдени колонияларында Арманшылдар деген атпен белгілі адамдар «керемет ораторлар, және ақыл мен білімнің сақтаушылары болды». Ридингтон олар өздерінің түстерінде Құс жолымен байланысты қайтыс болған жақындарына ягутунның ізімен немесе «аспанға жолмен жүргендерін сипаттайды. Оны былайша айтқан:

«Олар оралғанда, әнмен, әңгімемен, кие тұтумен оянды. Арманшылдар Дейндзаа тайпасының адамдарына көп өзгерістерді болжап айтып берген. Олардың жерді жоғалтып алуы, жануарлардың өлімі, жер сілкіністері, алып жыландар (құбырлар) және көпқабатты үйлер жайында болар уақиғалар болатынын ескертті... қазіргі таңда индустрияландыру олардың ата-бабаларының жерлерін тартып алуда; ».

Ридингтон отбасы дегенмен, Арманшылардың және басқада қоғамдастық мүшелерінің бұрынғы ұрпақтары туралы білімді қолжетімді қылу үшін, мұрағаттық материалдарға веб-сайт құру үшін тайпалармен жұмыс жасайды. Қайтадан осы технологиялық қайта құру өткенмен байланысты қазіргі ұрпақ үшін ақпаратты сақтау тәсілі болып табылады. Демек, ғаламтор қайта құрудың тағы бір аспабы болып қалады. Фольклоршылар әннің бір уақытта осы шаққа, өткен және кей жағдайда болашаққа сілтеме жасайтынын сипаттау үшін бар күштерімен дұрыс тұжырымдама іздеп табуға тырысады. . Ғалымдар үндіс тіліндегі түсініктерді байқап, Набоков айтқандай, «тайпаның өткенін» білдіретін навахо сөзі ол Откафдуу, оның негізгі мағынасы «бір - бірімен»деп түсіндіріледі; 2004 жылғы Дэвид Сэмюэлстің «Әндерді шынға қойып» кітабы Апачидің тұжырымдамасын тек атауымен ғана емес, көп жағдайда топтың дайындығы кезінде үндіс-музыканттың реакциясын сипаттайды. Апачилік үндіс Сан Карлос Сэмюэлс есімді ғалыммен ой бөліскенде: «Ол маған ортасындағы гитараның солосында мен файзерді қосқанда оған ұнағанын айтты. Ол бір нәрсе қосқан секілді. Ол оны «гүлдегі ара» деп атады. Мен одан оның не мағына беретінін сұрадым, ол «бір нәрсенің үстіне басқа бір нәрсе қойылады» деп жауап берді». Сэмюэлс бұл тембрлік трансформация қазіргі және өтпелі қабат ретінде гитарда ойнағанда өткен шақ соңғы болдыма немесе одан да ерте уақыт кезеңі болды ма соған қарамастан тұжырымдалатынын түсінеді. Өткеннің танымал әндерін



айту ертедегі әншілермен оқиғаларды еске түсіріп ләззат сезімін сыйлайды. Белгілі бір репертуар өткенді қалыпқа келтіріп, өткен мен осы шақтың сезімін біріктіруі мүмкін. Бағыт-бағдарлар ойынға «белгісіздік, екі ойлылық» енгізіп, түсіністікті байыта түседі. Сэмюэлс ең алдымен келісуді іздейтін зерттеулерге сыни көзқараспен қарайды, «антропологиялық мағынада келісімділікті орнату белгілі бағдарламалар мен тәсілдерді талап етеді және басқаларға қарағанда одан да көп қарым-қатынастарды анықтайды» деп бекітеді.

Энн Моррисон Спинниде Пассамакодди әндерінің дәстүрін сипаттайтұға сәйкес келетін көп қабатты метафора табады. Оның жұмысынан әндердің бірнеше түрлері бөтен адамдармен кездесу үшін пайдаланылғанын көруге болады. Сәлемдесу әні мен биі сияқты кейбір жанрлар соған қарамастан көп функционалды. Ол «қонақ күтудің рәсімдік іс-әрекеттерінде бірнеше мағыналы қабаттардан тұратынын айтады: соғыс және альянстың тарихтары, әлеуметтік құрылым, рухани нанымдар мен мәдени мадақтар» осылардың барлығы өз ән жанрларымен байланысты. Қабаттардың орындаушылық тұжырымдамасын «қосу» мен әңгімелесудің әртүрлі ұжымдық типтері өткеннің мәнін жақсарта және түсіндіре алады. Сонымен бірге ол нұсқалық туындылардың жасай беруіне мүмкіндік береді. Дегенмен әр нұсқа жеке адамға, отбасына немесе бір ұлтқа қолайлы болуы мүмкін, басқа жерде басқа нұсқалар жергілікті әңгімелердің дәлдігін жоққа шығармайды. Осылайша, қабаттардың метафорасы тарихтың икемділігін жақсы түсінуге ықпал етеді.

Міне, бүгін әңгіме еткен үндіс музыкасының сипаттамасы мен тұжырымадамасының американдық зерттеушілердің еңбектеріне сүйенген шолуға негізделген еді.

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар:

1. Одет В. (2012) «Неге Инну танымал музыканы әңдетеді?: Музыкалық қозғалыстағы бірегейлік пен мәдени нығаю жайлы толғаныс», А. Hoefnagels и В. Diamond (редакциясымен) «Заманауи Канададағы аборигендер музыкасы: елес пен алмасу, Монреаль»
2. McGill (1996) «Даналық орнында отыр: Батыс апачалар арасындағы пейзаж бен тіл», Альбукерке: Нью-Мексико Университетінің Баспасөзі
3. Баттист М. (ред.) (2000) «Дауысты қалпына келтіру және жергілікті халықтарды тану», Ванкувер: Британ Колумбиясының Университетінің баспасөзі
4. Биссет Переа Дж. (2012) «Памутя Акутак: Аляскадағы инуиттер заманауи музыкалық дәстүрі», MUSICultures,
5. Bloechl OA (2008) «Ерте кездегі заманауи музыка шекарасындағы жергілікті американ әні», Cambridge University Press баспасы
6. Borrows J. (2010) «Заңды рәсімдеу: рухани жолнұсқаушы», Торонто Университеті, Press
7. Browner T. (1997) «Үнді рухының тынысы: Музыкалық кірмелер жайлы ойлар және американдық музыкадағы «үнді» қозғалысы», American Music, (2002) «Адамдардың жүрек дүрсілі: солтүстік Пау Ваулардың музыкасы мен биі», Урбана: Иллинойс Университетінің баспасөзі,
8. «Тайпааралық пау-вау әндерінің акустикалық географиясы», сонда: T. Browner (ed.), «Солтүстік Америкадағы дәстүр мен инновация», Урбана: Иллинойс Университетінің баспасөзі
9. Брухак (2010) «Жергілікті халықтар археологиясы: деколонизация жөніндегі оқырман», Уолнат-Крик, Калифорния: Left Coast Press
10. Cajete GA (1994) «Тауға қараңыздар: жергілікті халықтар құрылуының экологиясы», Эшвилл, Солтүстік Каролина: Киваки Пресс
11. Кавана Б. (1982) «Нетсилик эскимостарының музыкасы: тұрақтылық пен өзгерулерді зерттеу», Оттава: Ұлттық мұражайы,
12. Шампань, Д. (1994) «Жергілікті Америка: халықтар портреті», Детройт, Мичиган: Visible Ink Press
13. Chretien, A. (2012) «Бұл мененекке іздері: Метистер музыкасы және Канадада жергілікті тұрғындардың құрылуы», в А. Hoefnagels и В. Diamond «Заманауи Канададағы аборигендер музыкасы: елес пен алмасу», Монреаль
14. Круикшанк, Дж. (1990) «Өмір тарих секілді сүрді: Ванкуверлік үш юконның өмір тарихы»: Британ Колумбиясының Университетінің баспасөзі
15. «Тарихтың әлеуметтік өмірі: Юкон Территориясындағы Хикая мен Білім», Линкольн: Небраски Университеті Пресс, (2005) «Мұздықтар тындайды ма?: жергілікті білім, отаршыл кездесулер мен әлеуметтік қиял», Ванкувер мен Сиэтл: Британ Колумбиясының Университеті Press De Certeau, M.



Кітап: Әлем музыкасының тарихы, 1-бөлім
Дәріс: Шығыс-Азиялық рухани музыка

- (1988) «Тарихи жазбалар»: Еуропалық перспектива, Нью-Йорк: Колумбия университетінің баспасы
16. Делория П. (2004) «Күтпеген жерлердегі үндістер», Лоуренс: Канзас Университетінің баспасөзі